

Қазақстан Республикасы мен Бельгия Корольдігі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 қарашадағы N 296-І Заңы

Алматыда 1998 жылғы 16 сәуірде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Бельгия Корольдігі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Бельгия Корольдігі
арасындағы табыс пен капиталға
салынатын салыққа қатысты қосарланған
салық салуды болдырмау және салық төлеуден
жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция**

2000 жылғы 13 сәуірде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары
бюллетені, 2003 ж., N 8, 51-құжат

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі Табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасау ниетімен,
мыналар туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларына қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция, салық салу әдісінен тәуелсіз, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің немесе жергілікті өкімет органдарының атынан

алынатын табыс пен капиталға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан алынатын барлық салық түрлері немесе табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті шеттетуден түсетін пайдаға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін жалақылар мен ырзықақылардың жалпы сомаларына салынатын салықтарды қосқанда, сондай-ақ мүлік құнының өсімінен түсетін табыстарға салынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салық болып с а н а л а д ы .

3. Конвенция қолданылатын қазіргі салықтар мыналар болып табылады, атап а й т қ а н д а :

а) Қазақстан Республикасында:

(i) заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық;

(ii) заңды және жеке тұлғалардың мүліктеріне салынатын салық;

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталатын)

б) Бельгия Корольдігінде:

(i) жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы;

(ii) корпоративтік салық;

(iii) заңды тұлғалардың табыстарына салынатын салық;

(iv) резидент еместердің табыстарына салынатын салық;

(v) дағдарыс болған жағдайларға арналған қосымша аударымдар;

осы салықтарға алдын-ала жасалатын төлемдерді, қосымша алымдарды және жеке тұлғаның табыс салығына қосымша төлемдерді қоса алғанда,

(бұдан әрі "Бельгия салығы" деп аталатын).

4. Конвенция сондай-ақ қолданылып жүрген салықтарға қосымша, не болмаса осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін салық салынатын барлық бірдей немесе айтарлықтай ұқсас салықтардың барлығына қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары олардың тиісті салық заңдарына енгізілген кез-келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Осы Конвенцияның мақсаты үшін, егер контекст басқаны талап етпесе:

а) т е р м и н д е р :

(i) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада алғанда "Қазақстан" термині аумақтық суларды, сондай-ақ Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін халықаралық құқықтарға сәйкес егемендік құқын және заңын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салық заңдары қолданылатын бірыңғай экономикалық аймақ пен континентальдық шельфті қамтиды;

(ii) "Бельгия" Бельгия Корольдігін білдіреді және географиялық мағынада алғанда, халықаралық құқықтарға сәйкес егемендік құқығын немесе өзінің заңдарын Бельгия Корольдігі жүзеге асыратын аумақтық суларды және теңіз және әуе кеңістігінің кез келген учаскесін қосқанда, Бельгия Корольдігінің аумағын білдіреді;

b) "тұлға" термині жеке тұлғаны, компанияны және кез-келген басқа бірлескен тұлғаларды қамтиды;

c) "компания" термині кез келген корпоративтік бірлестікті немесе салық салу мақсаты үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген кәсіпорынды білдіреді;

d) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекстке байланысты Қазақстанды немесе Бельгияны білдіреді;

e) "бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорны" терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымалдар" термині теңіз немесе әуе көлігі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер аралығында пайдаланылатын жағдайлардан басқа жағдайларда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз немесе әуе көлігінің кез-келген тасымалын білдіреді;

g) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін, және

(ii) Бельгияда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез-келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекетте қолданылып жүрген заңдар негізінде өзінің мәртебесін алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе кез келген басқа қауымдастықты білдіреді;

(i) "капитал" термині 22-баптың мақсаттары үшін жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті білдіреді және қолма-қол ақша қаражаттарын, акцияларды немесе мүлікке деген құқықтарды қуаттайтын өзге құжаттарды, вексельдерді, облигацияларды немесе өзге борыштық міндеттемелерді қуаттайтын құжаттарды, сондай-ақ патенттерді, сауда белгілерін, авторлық құқықтарды немесе басқа ұқсас құқықтарды немесе мүлікті қамтиды (бірақ шектеліп қалмайды).

2. Осы Конвенцияны қолдану кезінде кез келген уақытта Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияда айқындамаған кез келген термин, егер түпнұсқадан өзгедей туындамаса, Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес, осындай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекет резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес онда өзінің тұрғылықты мекен жайына, резиденциясына, басқару орнына, оған заңды тұлға құқығын беретін орнына немесе ұқсас сипаттағы кез-келген өзге өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ бұл Мемлекетті және оның кез-келген саяси-әкімшілік бөлімшесін немесе жергілікті өкімет органын қамтиды.

Алайда, бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты немесе сонда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиісті кез келген тұлғаны қамтиды.

2. 1-тармақ күшінің ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

а) ол оның қарауында оған қарайтын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер, ол оның қарауында оған қарайтын тұрақты баспанасы Мемлекеттердің екеуінде де бар болса, оның біршама тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер, оның өмірлік мүдделері ортақ Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер, оның оған қарайтын тұрақты баспанасы Мемлекеттердің бірде-бірінде болмаса, әдетте өзі тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер, оның әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатса немесе олардың бірде-бірінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер ол екі Мемлекеттің де азаматы болса немесе біреуінің де азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер, 1-тармақ ережелерінің себептері бойынша жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол өзінің нақты басқару орны орналасқан Мемлекеттің резиденті болып саналады.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині ішінара мыналарды:

- a) б а с қ а р у о р н ы н ;
- b) б ө л і м ш е н і ;
- c) к е ң с е н і ;
- d) ф а б р и к а н ы ;
- e) ш е б е р х а н а н ы ; ж әне

f) шахтаны, мұнай немесе газ скважинасын, карьерді немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез келген басқа орынды қамтиды.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ, мыналарды қамтиды:

a) Уағдаласушы Мемлекеттегі құрылыс алаңын немесе құрылыс объектісін, немесе монтаждау немесе құрастыру объектісін, немесе бақылау бойынша олармен жүргізілетін жұмыстарға байланысты жұмыстарды, егер тек мұндай алаңдардағы немесе объектідегі немесе бақылау бойынша жүргізілетін мұндай жұмыстардың ұзақтығы осы тек Уағдаласушы Мемлекетте 12 айдан астам уақыт болса; және

b) Уағдаласушы Мемлекетте табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе құрылысты немесе оларға байланысты бақылау бойынша жұмыстарды немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысын немесе кемеңі, егер тек мұндай пайдалану Уағдаласушы Мемлекетте 12 айдан астам уақытқа созылса; және

c) Уағдаласушы Мемлекет шегінде қызмет көрсету, резиденттің қызметшілер немесе осы мақсаттар үшін және осы Уағдаласушы Мемлекетте тұратын резидент жалдаған өзге қызметкерлер арқылы консультациялық қызметтер көрсетуді қоса, бірақ мұндай сипаттағы қызметтердің (сол жоба немесе соған байланысты жоба бойынша) ұзақтығы тек осы Уағдаласушы Мемлекет шегінде 12 айдан астам уақытты құраған жағдайда ғана .

4. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне тәуелсіз "тұрақты мекеме" термині мыналарды :

a) объектілерді кәсіпорындарға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу немесе ақпарат жинау мақсаттары үшін ғана ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін даярлық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

f) тұрақты қызмет орнының мұндай қоса жүргізу нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі a) e)- тармақшаларына дейін айтылғанындай жағдайда тұрақты қызмет орнын тек қандай да бір қызмет түрлерін қоса жүргізу үшін ғана ұстауды

қамтымайтын

болып

есептеледі.

5. Егер, 6-тармақта айтылған тәуелсіз мәртебесі бар агенттен басқа, 1 және 2-тармақтардың ережелеріне тәуелсіз басқа тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан шарт жасасу бойынша өкілеттігі болса және әдетте, оны іске асырып жүрсе, егер мұндай тұлғаны қызметі 4-тармақтың ережелерінде айтылғанындай қызмет түрлерімен шектелмесе және егер олар тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылса, осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес түрін өзгертуге әкеліп соқпаса, онда бұл кәсіпорын осы кез келген қызмет түрлеріне қатысты тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

6. Кәсіпорын осы Мемлекетте делдал, жалпы агент-комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген өзге сенімді тұлға арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызмет шеңберінде әрекет еткен жағдайда, кәсіпорын Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар болып саналмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқадай жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өз бетінше екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (ауыл немесе орман шаруашылықтарынан түскен табысты қосқанда) алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қарастырылып отырған мүлік орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне жататын жалпы заңдардың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктысын және пайдалы кен орындарын, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеруге деген құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін сыйақы ретінде немесе тұрақты төлемдерге деген құқығын қамтиды; теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлікке есептелмейді.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген өзгедей нысанда пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. 1 және 2-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүліктен алған

және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын табыс

1. Егер, кәсіпорын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, кәсіпорын табысына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда аталған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда кәсіпорынның табысына, бірақ оның осы тұрақты мекеменің есебіне жатқызылатын бөлігіне ғана басқа Мемлекетте салық салынуы м ү м к і н .

2. 3-параграфтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда, онда егер, олар осындай немесе ұқсас қызмет түрлерімен айналысатын, мұндай немесе осыған ұқсас жағдайларда ол тұрақты мекеме болып табылатын кәсіпорынға толық тәуелсіз әрекет ететін және жеке және дербес кәсіпорын болып, оның алуы мүмкін табысы, әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде, тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, осылайша басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қосқанда, тұрақты мекеменің қызметі мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды есептен шығаруға жол беріледі. Алайда, патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғанына тұрақты мекеме кәсіпорынының бас офисіне немесе кез келген оның өзге ұқсас бөлімшесіне роялти, гонорарлар немесе өзге ұқсас төлемдер түрінде немесе нақты қызмет көрсеткені немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жасау түрінде, не банк кәсіпорындары жағдайын қоспағанда, тұрақты мекеменің ақша қаражаты заемына проценттер төлеу жолымен аударатын қаржы мөлшеріне қатысты, егер мұндайлар бар болса (нақты шығыстарды өтеу үшін өзге мақсатта) рұқсат е т і л м е й д і .

Сондай-ақ, патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғанында роялти, гонорарлар немесе өзге ұқсас төлемдер жасау түрінде немесе қызмет ұсынғанына немесе көрсетілген қызметтер үшін немесе банк қызметтері туралы әңгіме болған жағдайлардан басқа жағдайларда тұрақты мекеме кәсіпорыны немесе кез-келген оның бөлімшесі бас офисіне берген қарыздарының ақшалай сомаларына проценттер түрінде, тұрақты мекеме кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе кез келген оның бөлімшесіне міндетті түрде есептейтін сол тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде (нақты шығыстарды өтеу үшін өзге мақсатта) есепке алынбайды.

4. Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпорынның оның түрлі бөлімшелерінің

табыстарының жалпы сомасын тепе-тең бөлу негізінде айқындау мөлшері бойынша тұрақты мекемеге жататын пайданы айқындауға 2-тармақ ережелерінің бірде-бірі осы Уағдаласушы Мемлекетке әдеттегі тәжірибеде қолданылуы мүмкін, осындай тепе-тең бөлу жолымен салық салуға жататын пайданы айқындауға кедергі келтірмейді; бөлудің тандалған әдісі осы бапта айтылған принциптерге сәйкес нәтиже беруі керек.

5. Осы тұрақты мекемеге тауарларды немесе кәсіпорындар үшін бұйымдарды қарапайым сатып алу негізінде тұрақты мекемеге түскен ешқандай пайда жатпайды.

6. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер оны өзгерту үшін бұлтартпас және жеткілікті себептер болмаса, жыл сайын бірдей әдіспен айқындалады.

7. Табыс осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылған табыстардың түрлерін қамтыған жағдайда, онда бұл Баптардың ережелеріне осы баптың ережелері қозғамайды.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемесін немесе жер үсті көлігін пайдаланудан алған пайда кәсіпорынның нақты басшы органы орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе көлігін пайдаланудан алған пайда ішінара мыналарды қамтиды:

а) теңіз немесе әуе көлігін толық жалдаудан алынған пайдаларды және халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын, теңіз көлігінің қуатын немесе әуе кемесін жалдаудың жекелеген жағдайларына байланысты алынған пайдаларды;

б) контейнерлерді пайдаланудан немесе контейнерлерді жалға беруден алынған пайдаларды, егер мұндай пайда 1-тармақтың ережелері қолданылатын пайдаға қосымша немесе күтілмеген болса.

3. Егер, кеме кәсіпорыны компаниясының нақты басқару орны кеме бортында орныққан болса, онда мұндай жағдайда, сол Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын кеме тіркелген немесе мұндай тіркелімі жоқ, айлақ орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан деп есептеледі.

4. 1 тармақтың ережелері, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорындар мен халықаралық ұйымдардың пульға қатысуынан түскен пайдаға қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мынадай жағдайларда, егер:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорыны басқаруға, бақылауға немесе капиталға тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) бір ғана тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса.

және әрбір жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық және қаржы қатынастарында екі тәуелсіз кәсіпорын арасында жасалуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, кез келген пайда олардың біріне есептелуі мүмкін болса, бірақ осы жағдайлар болғандығынан оған есептелмесе, осы пайда кәсіпорынның пайдасына енгізілуі және тиісінше салық салынуы мүмкін.

10-бап

Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған сол Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер дивидендтер төленетін капиталдың кемінде 10 процентіне тікелей немесе жанама ие болып табылатын компания дивидендтердің нақты иесі болса, оның жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған жағдайлардың барлығында дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспайды.

Осы тармақ компанияның дивидендтер төленіп отырған пайдасына қатысты салық салуға ықпал етпейді.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан, кен өндіру өнеркәсібінің акцияларын пайдаланудан немесе құқығына деген пайдаланудан, борыштық талаптар болып табылмайтын, пайдаға қатысуға, сондай-ақ резиденті төлейтін компания болып табылатын сол Мемлекеттің салық заңдары бойынша, акциялардан түскен табыс сияқты осындай салық тәртібіне ұшырайтын проценттер түрінде төленетін табысқа деген құқық беретін табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтердің нақтылы иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы коммерциялық қызметті

жүзеге асырса немесе басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты база және холдинг орналасқан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға іс жүзінде қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алса, егер мұндай дивидендтер осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін акция пакеттері нақтылы осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатса, компания төлейтін дивидендтерді осы басқа Мемлекет салықтан толық босатады, егер холдинг мұндай дивидендтерді осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлеуге қатысты немесе бөлінбеген табыс толық немесе толық емес осы басқа Мемлекетте пайда болған табыстан басқа жағдайларда, компанияның бөлінбеген табысына бөлінбеген табысқа салынатын салық салығын салмау керек.

6. Осы Конвенция ережелерінің ешқайсысы да Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасына есептелген салыққа қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді, егер, осылай есептелген кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай табыс сомасының 5 %-інен аспаса. Осы ереженің мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме орналасқан, сол Уағдаласушы Мемлекетте тағайындалған, осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше барлық салықтардың сомаларынан шегерілгеннен кейін және осы тұрақты мекемеде қайта инвестицияланғаннан кейін кез келген соманы шегергеннен кейін айқындалады.

11-бап

Проценттер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге олар есептелетін Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттердің нақтылы иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша есептелетін салық проценттері 10 проценттен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне тәуелсіз, проценттер, олар пайда болған сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады, егер олар:

а) өзге Уағдаласушы Мемлекетке, оның саяси-әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына немесе осы басқа Мемлекеттің Орталық Банкіне төленетін

п р о ц е н т т е р ;

б) мақсаты экспортты қолдау болып табылатын оның саяси-әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына, осы Мемлекет ұйымдары немесе мекемесі кепілдікпен немесе қамсыздандырып берілген заемға немесе кепілдікпен немесе қамсыздандырып берілген кредитке қатысты төленетін проценттер болса.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланғанда олар ипотекамен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмегеніне тәуелсіз борышты өндіріп алу туралы кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынған және борышкердің табыстарына деген құқығына иелік етуден тәуелсіз, ішінара мемлекеттік бағалы қағаздардан алынған табысты немесе облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынған табысты, осындай бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша қосымша жасалатын төлемдерді және сыйақыларды қосқанда, табысты білдіреді. Алайда, осы баптың мақсаттары үшін "проценттер" термині 10-баптың 3-тармағына сәйкес дивидендтер болып саналатын мерзімі өткен төлемдер немесе проценттер үшін айыппұл алымдарын қамтымайды.

5. Егер проценттердің нақтылы иесі бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты базада тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал төленетін проценттерге қатысты борыш міндеттемесі нақтылы осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға және борыштық талапқа қатысты болса, жоғарыда көрсетілген 1 және 2 тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте туындаған болып есептеледі. Егер алайда, проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па, осыған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты мұндай проценттерді төлеу бойынша шығындар туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған болып есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен нақтылы иесі арасындағы немесе бір жағынан төлеуші мен нақтылы иесі және екінші жағынан қандай да болсын басқа тұлға арасындағы ерекше қатынастардың салдарынан проценттер сомасы борыштық талап етуге қатысты проценттер сомасына осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақтылы иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес проценттер есептелетін, сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын төлемнің басы артық бөлігі қалдырылады.

8. Егер оған қатысты проценттер төленетін, борыштық талаптарды құруға немесе беруге қатысы бар қандай да болсын тұлғаның негізгі мақсаты мұндай талап етуді құру немесе беру жолымен осы баптың ережелері өзінің жеке мақсатына пайдаланған болса, осы баптың ережелері қолданылады.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялти, сондай-ақ ол осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес пайда болған сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады, бірақ егер роялти алушы оның нақтылы иесі өзге Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда әдебиет, өнер шығармаларына немесе ғылыми еңбектерге берілетін авторлық құқықтың кез келген пайдаланылуына немесе ұсынылуына, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кинематографиялық фильмдерді және теле- немесе радио хабарларын тартуға арналған фильмдерді, кез келген патентке сауда маркасына, өнеркәсіптік үлгіге немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдыққа қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын кез келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің иесі - пайдаланушысы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы осы қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты базадан дербес тұрмыстық қызметтер көрсетсе және есептелетін роялтиге қатысты құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7- баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі, саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің өзі резиденті болса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте есептелген болып есептелген. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па, осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы бар болып осыған байланысты роялти төлеу бойынша міндеттеме туындаса және мұндай роялтилерді төлеу бойынша жауапкершілік осы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жүктелсе, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты базаға орналасқан Мемлекетте пайда болған болып саналады.

6. Егер, роялти төлеуші мен оның нақтылы иесі немесе екеуінің және қандай да бір басқа тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы негізінде осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақтылы иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кеткен жағдайда, осы Баптың ережелері тек соңғы ескертілген сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес проценттер есептелетін, сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға жататын төлемнің басы артық б ө л і г і қ а л д ы р ы л а д ы .

7. Егер, оған қатысты роялти төленетін немесе беруге қатысы бар қандай да болсын тұлғаның негізгі мақсаты мұндай талап етуді құру немесе беру жолымен осы баптың ережелері пайда түсіру мақсатында пайдаланған болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен түскен пайда

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің 6-бапта айтылған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің:

а) ресми түрде танылған Қор Биржасында котировкадан өткен, құнының үлкен бөлігі екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлік құнымен байланысты акциялардан өзге акцияларды, немесе

б) активтері, ең бастысы, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті қамтитын әріптестіктегі үлесті шеттетуден алған табысқа, осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа бір Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе осындай тұрақты мекемені (жекелей немесе барлық кәсіпорындармен бірге) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған табыстарды қоса алғанда, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекет иелік етіп отырған тұрақты базаға тиесілі жылжымалы мүліктен алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Кәсіпорынның халықаралық тасымалдауларда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарға кәсіпорынның нақты басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Өткен тармақтарда айтылған мүлік түрлерін одан өзге кез-келген мүлікті

шеттетуден алынатын табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер көрсету

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметке қатысты алған табысқа тек осы Мемлекетте салық салуға жатады, егер оның мұндай қызметі басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмесе; және

а) осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте оның тұрақты қарауындағы тұрақты базаға ж а т а т ы н та б ы с қ а ; н е м е с е

б) мұндай резидент осы басқа Мемлекетте жалпы жиыны кез келген он екі айлық кезеңде немесе кезеңдер ішінде жиыны 183 күннен аспайтын кезеңде тұрған болса басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Мұндай жағдайда, қызмет көрсетуге байланысты кәсіпкерлік қызметтен және оларды тұрақты мекемеге жатқызудан алынатын пайданың сомасын анықтау үшін 7-баптағы сөз болған ұқсас принциптерге сәйкес осы басқа Мемлекетте салық салынуы м ү м к і н .

2. "Кәсіби қызметтер көрсету" термині, ішінара өз бетінше жүргізілетін ғылыми, әдеби, әртістік, тәрбие беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін білдіреді.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер көрсету

1. 16, 18, 19 және 20-баптардың ережелерін ескере отырып, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдау бойынша жұмысқа байланысты алған жалақыға және басқа да ұқсас сыйақы түрлеріне, егер осындай жалдау бойынша жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салуға жатады . Егер жалдау бойынша жұмыс осылайша орындалған болса, осындай жұмыстарға байланысты алынған сыйақының сомасына осы Мемлекетте салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелеріне тәуелсіз, басқа бір Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалдау бойынша жұмысқа қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) алушы кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрып жатса, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы немесе жалдаушының а ты н а н тө л е с е , ж ә н е

с) жалдаушының басқа Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, сыйақыны төлеу бойынша шығындарға ұшырамайды.

3. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне тәуелсіз халықаралық тасымалдар кезіндегі пайдаланылатын теңіз немесе әуе көлігінің бортында атқарылатын жалдау бойынша жұмысқа қатысты алынған сыйақының сомасына кәсіпорынның нақты басшылығының орыны орналасқан сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Компаниялардың жетекшілері

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын әкімшілік мүшесі немесе компанияның соған ұқсас органының мүшесі ретінде алған директорлардың сыйақыларының және басқа да осындай төлемдердің сомаларына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Мұның алдындағы ереже, сондай-ақ аталған ережеде айтылған тұлғаның атқаратын функцияларымен ұқсас сипаттағы функциялары болып есептелетін компанияның резиденті болып табылатын, сол Мемлекеттің заңдарына сәйкес функцияларды атқаруға қатысты алынатын төлем сомаларына да қолданылады.

2. Басқару немесе техникалық сипаттағы күнделікті функциялардың атқарылуына қатысты компаниядан, 1-тармақта сөз болған тұлғаның алған сыйақы сомасына және бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын, компаниядан акционерлік капиталымен ерекшеленетін компаниялардың әріптесі ретінде оның жеке қызметіне қатысты алған сыйақы сомасына, 15-баптың ережелеріне сәйкес, қызметкердің жалдау бойынша жұмыстарға қатысты алған сыйақысы осындай сыйақы болса және "жалдаушыға" жасалған сілтеме компанияға жасалған сілтеме болса, салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне тәуелсіз, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті мәдениет немесе өнер қызметкері ретінде, сондай-ақ мысалы, театр, кино әртісі, радио немесе телевидение қайраткері немесе музыка қайраткері немесе спортшы ретінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте, осындай, өзінің жеке қызметтерін жүзеге асырудан алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер, мәдениет немесе өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы тұрпатында жүзеге асыратын жеке қызметіне қатысты табысы мәдениет немесе өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелген жағдайда, онда осы табысқа 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне тәуелсіз мәдениет немесе өнер

қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған сол Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер бір Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын қызмет, ең бастысы, басқа Уағдаласушы Мемлекеттің мемлекеттік қорынан немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінен немесе жергілікті өзін-өзі басқару қорынан қаржыландырылса 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Бұл жағдайда, мұндай қызметтен алынатын табысқа осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

18-бап

Зейнетақылар және басқа да төлемдер

1. 19-баптың 2-тармағының ережелерін ескере отырып, қандай да бір Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмыстарына сыйақы ретінде төленетін зейнетақыларға және ұқсас басқа да сыйақыларға және осындай резидентке төленетін кез-келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. Алайда, Уағдаласушы Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес дүркін-дүркін немесе дүркін-дүркін емес төленетін зейнетақыларға және басқа жәрдемақыларға осы басқа Уағдаласушы, Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы ереже, сондай-ақ, осы заңда көзделген жеңілдіктерді толықтыру үшін Уағдаласушы Мемлекетте ұйымдастырылған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес төленетін зейнетақылар мен жәрдемақыларға да қолданылады.

3. "Аннуитет" термині жеке тұлғаға өмір бойы тағайындалған уақытта немесе сыйақы төлемдерін ақшалай немесе ақша түріндегі ұқсас және толық өтемақы төлеуді жүзеге асыру туралы міндеттемеге сәйкес уақыт кезеңінде айқындалған немесе мерзім ішінде дүркін-дүркін төлеуге жататын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға осы Мемлекетке немесе саяси-әкімшілік бөлімшесі көрсетіп отырған қызметіне байланысты төленетін ырыздыққа, еңбекақыға және зейнетақы төлемдерінен өзгеше басқа да ұқсас сыйақыларға тек осы Мемлекетте салық салуға жатады.

б) Алайда, егер осы Мемлекетте қызмет көрсетілсе және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болса мұндай ырыздыққа, жалақыға және басқа да соған ұқсас сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады, егер:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

(ii) тек қызметті жүзеге асыру мақсаты мен ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған болса.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекетке немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет басқару органына көрсеткен қызметіне қатысты төленетін кез-келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

3. 15, 16, 17 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметті жүзеге асыруға қатысты ырыздыққа, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақыға қолданылады.

20-бап

Студенттер, тағылымдамадан өтушілер, оқытушылар және ғылыми қызметкерлер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке келер алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болған және тікелей болып табылған және алғашқы аталған Мемлекетте білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында және өмір сүру, оқу және білім алу мақсаты үшін студенттің немесе тағылымдамадан өтушінің алатын төлемдері, егер мұндай төлем сомаларының төлем көздері осы Мемлекеттен тыс жерде орналасса осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекет, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің заң шығарушы органы немесе басқару органы жеке тұлғаға оның оқытушылық немесе зерттеушілік тұрпатына төлейтін сыйақы сомасына тек осы Мемлекетте салық салуға жатады.

21-бап

Басқа табыстар

1. Осы Конвенцияның мұның алдындағы баптарында қаралмаған және осы Мемлекетте салық салынатын, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне оның қайда пайда болғанына тәуелсіз, тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

2. 6-баптың 2-параграфында анықтама берілген, жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты мекеме арқылы осы қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан соңғы тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және алынған

табысқа қатысты құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1-тармақтың ережесі қолданылмайды. Мұндай жағдайда , ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

22-бап

Капитал

1. 6-бапта сөз болған, жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған, бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан капиталға осы басқа Мемлекетте салық салуға жатады.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің жұмыс мүлкінің бір бөлігі болып табылатын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базаға тиесілі жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет резидентіне тиесілі және халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз және әуе кемелерімен және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осындай кәсіпорынның нақтылы басқару орыны орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізіледі:

а) Егер, Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Бельгияда салық салынуы мүмкін табыс алған немесе капиталды иеленген жағдайда, Қазақстан:

(i) осы резиденттің табысының сомасына салынатын салықтан Бельгияда төленетін табыс салығының сомасына тең соманы шегеріп тастау ретінде;

(ii) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан Бельгияда төленетін капиталға салынатын салық сомасына тең соманы шегеріп тастау ретінде рұқсат береді.

Мұндай шегерімнің сомасы кез-келген жағдайда қолданылып жүрген соңғы ставкалар бойынша Қазақстандағы сондай табысқа немесе капиталға айқындалған салық сомасынан аспайтын болады.

б) Егер, Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Бельгияда ғана салық салынатын табыс алған немесе капиталды иеленген жағдайда

Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе капиталға салынатын салық ставкасын айқындау мақсаттары үшін енгізе алады.

2. Бельгияда қосарланған салық салуды болдырмау мынадай түрде жүргізіледі:

а) Егер Бельгияның резиденті осы Конвенцияның 10-бабының 2-тармағының, 11-бабының 2 және 7-тармақтарының және 12-бабының 2 және 6-тармақтарының ережелерінен өзге ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынатын табыс алса немесе капитал элементтеріне ие болған жағдайда, Бельгия мұндай табысты немесе капиталдың мұндай элементтерін салық салудан босатады, бірақ осы резидент табыстың немесе капиталдың қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеу кезінде, егер мұндай табыс немесе капиталдың мұндай элементі салық салудан босатылмаған болса қолданылатын болуы мүмкін.

б) Дивиденд болып табылатын, 10-баптың 2-тармағына сәйкес салық салуға жататын және төменде келтірілген с)-тармақшасына сәйкес Бельгия салығынан босатылмаған 11-баптың 2 немесе 7-тармақтарына сәйкес салық салуға жататын немесе 12-баптың 2 немесе 6-тармақтарына сәйкес салық салуға жататын роялти, Бельгия салығының мақсаттары үшін Бельгия резиденті оның жиынтық табысының баптарын алған жағдайда, Бельгиядан тыс жерде төленетін салықтардың сомаларын Бельгия салығынан шегеруге жататын, Бельгия заңдарының ережелерін ескере отырып, осы табыстан алынатын Қазақстан салығы осындай табысқа жататын, Бельгия салығына қатысы бойынша шегерім ретінде рұқсат етіледі.

с) Бельгия резиденті болып табылатын компанияның Қазақстан резиденті болып табылатын компаниядан алатын дивидендтері Бельгия заңдарында көзделген шарттарға сәйкес және мерзімі біткенде Бельгиядағы корпоративті салықтан босатылады.

д) Бельгия заңдарына сәйкес Қазақстанда орналасқан тұрақты мекемеде Бельгияның резиденті жүзеге асыратын, салықтардан босату

а) тармақшасында көзделген, Бельгияда оған салық салу үшін осы кәсіпорынның түсірген пайдаларынан нақтылы шығарылған шығындарға кәсіпорында ұшыраған жағдайда Бельгияда осы табыс сондай мөлшерде осы мекеменің қарауына жатқызылатын басқа салық салу кезеңдердің табыстарына аталған шығындардың өтемақысы негізінде, сондай-ақ Қазақстанда салық салудан босатылады.

24-бап

Кемсітпеу

1. Басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғаларына салық салу тәртібінен өзгеше немесе біршама ауыртпалықты болып табылатын және осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғасына ішінара, орналасқан орнына қатысты осындай жағдайда қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін қандай да бір

салық салу тәртібі немесе оларға байланысты қандай да бір талап қолданылмайды. Осы ереже - бірінші баптың ережелеріне тәуелсіз сондай-ақ, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар осындай жағдайлар кезінде осы Мемлекеттің ұлттық тұлғаларына қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін салық салу тәртіптеріне және соған байланысты талаптарға қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын қандай да бір салық салу тәртібі немесе соған байланысты қандай да бір талапқа Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамауы тиіс.

3. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне оларды салық төлеуден босатудың және азаматтық мәртебе немесе өзінің төл резидентіне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу бойынша қандай да бір жеңілдіктер, шегерімдер мен кемітіп көрсетулер берілетіндей бо л ы п п а й ы м д а л м а у ы т и і с .

4. 9-баптың, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-бағытын 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайды қоспағанда Уағдаласушы Мемлекеттің басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ осындай жағдайлар кезінде шегеріліп тасталуы тиіс. Осыған ұқсас түрде, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез-келген берешегі осы кәсіпорынның капиталын айқындау мақсаты үшін ол бойынша егер, бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне міндеттеме берілген болса, нақ осындай жағдайларда қалай шегерілсе солай шегеріліп тасталуы т и і с .

5. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар толық немесе жанама түрде бақылауға алып отырған бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынына бірінші аталған Мемлекеттің осындай басқа кәсіпорындарына қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін салық салу тәртіптеріне және соған байланысты міндеттерге қарағанда ерекшеленетін немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын салық салу міндеттеріне немесе соған байланысты қандай да бір міндеттерге бірінші аталған Мемлекетте қолданылмауы тиіс.

6. Осы Баптың ережелері екінші баптың ережелерінен тәуелсіз, кез-келген түрдегі және сипаттағы салықтарға Қолданылады.

25-бап

Өзара келісім рәсімдері

1. Егер, осы тұлғаның пікірінше Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салу нәтижесіне ие немесе ішкі заңдарында көзделген құқық қорғау құралдарына тәуелсіз, өзінің талап етуін өзі резиденті болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның талап етуі 24-баптың 1-тармағы қолданылатын болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органына бере алады. Бұл талап ету Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салу нәтижелері орын алып отырған іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Егер құзырлы орган, қарсылықты орынды деп есептесе және ол өзі қанағаттанарлық шешім қабылдай алмаса, онда ол Конвенция ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісім бойынша осы мәселені шешу жөнінде шешім қабылдайды. Қол жеткізілген кез-келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген мерзімге тәуелсіз орындалуға жатады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде пайда болған барлық қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ келісімде ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияның ережелерін орындау үшін қажетті және ішінара, Конвенцияда көзделген, салық төлеуден босатуға немесе соңғысының сомасын кемітуге деген құқықты басқа Мемлекетте пайдалану үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің резиденттерінің бірі ұсынуы тиіс қуаттайтын құжатты, әкімшілік шараларды келіседі.

5. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияны қолдану үшін өзара тікелей хабарлар алмасуды жүргізеді.

26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияның ережелерін және салық салу әзірге Конвенцияға қайшы келмейтіндей мөлшерде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарын орындауға қажетті ақпараттармен алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес алынған ақпарат секілді конфиденциалды болып есептеледі және тек

Конвенция қолданылатын салық жинаумен немесе оларды өндіріп алумен немесе күштеп өндіріп алумен немесе оларға қатысты сот арқылы іс жүргізумен немесе оларға байланысты апелляциялық шағымдар бойынша айқындаумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар ақпаратты істің ашық сотта қаралу барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады.

2. 1-тармақтың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттердің қайсы бірінде де міндеттеме жүктейтіндей:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік тәжірибесіне қайшы келетін әкімшілік шараларын жүргізетіндей;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес немесе әдеттегі әкімшілік тәжірибесі барысында алу мүмкін емес ақпарат беретіндей;

с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияны немесе сауда процесін немесе ашылуы қоғамдық мүддеге (мемлекеттік принциптерге) қайшы келуі мүмкін ақпарат беретіндей пайымдалмауы тиіс.

27-бап

Салық жинауда көрсетілетін көмек

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Бапта "бюджеттік түсімдер бойынша талаптар" деп аталатын, осындай салықтарға байланысты бір-біріне хабарлауда және салықтарды проценттерімен, шығындарымен және қабылданған әкімшілік шаралармен жинауда көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттердің салықтық талаптарды жинауда құзыретті органдардың көмек көрсету туралы өтініштері, осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес, мұндай органдардың салықтық талаптардың түпкілікті айқындалғандығын қуаттағандығын қосады. Осы баптың мақсаты үшін салықтық талаптар Уағдаласушы Мемлекет салықтық талаптар үшін алымдар алуды өзінің мемлекетішілік заңдарына сәйкес құқығы болған жағдайда түпкілікті айқындалған болып табылады және салық төлеуші мұндай алымды одан әрі ұстауға құқығы жоқ.

3. Көмек көрсету туралы өтініш білдіру әрекеті болып табылатын талап ету көмек көрсетуші Уағдаласушы Мемлекетте басым болып табылмайды және 26-баптың 1-тармағының ережесі, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзыретті органы ұсынатын осы Баптың күшіне сәйкес кез-келген ақпаратқа қолданылады.

4. Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы олар бойынша салық жинау үшін қабылданған Уағдаласушы Мемлекеттің салықтық талаптары оның салықтық алымдарына жататын, оның заңдарының ережелеріне сәйкес түпкілікті айқындалған салықтық талаптар бойынша егер, мұндай талаптар басқа Мемлекеттің жеке талаптары

болса басқа Мемлекет орындайды.

5. Осы бапқа сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы жинаған сома басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына беріледі.

6. Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі осы Бапқа сәйкес, егер, осы Мемлекет салықтық талаптары бойынша өндіріп алу үшін өзінің жеке аумағында барлық қаражатты түгескен жағдайда өтініш білдіреді.

7. Салық төлеуші уақыт аралығында Уағдаласушы Мемлекеттердің бірде-бірінің де резиденті болмаған кезеңге жататын салықтық түсімдер бойынша талаптар шегінде, салық төлеушіге қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің салықтық талаптары бойынша осы Бапқа сәйкес ешқандай көмек көрсетілмейтін болады.

8. Осы баптың ережелерінің бірде-бірі өздерінің жеке салықтарын жинауда немесе оның қоғамдық тәртібіне (мемлекеттік саясатына) қайшы келетін шараларда қолданылатын шаралардың сипатынан ерекшеленетін әкімшілік шараларды қолдану міндеттемесін Уағдаласушы Мемлекеттердің біріне жүктелетініндей пайымдалмайды.

9. Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзыретті органы шағымдану үшін ашық болып табылатын салықтық талаптарға қатысты өздерінің құқықтарын қорғау мақсатында осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттердің заңдарында көзделген қорғаныс шараларын қабылдау туралы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органына өтініш білдіре алады; мұның алдындағы тармақтардың ережелері мұндай шараларға қажетті өзгерістермен қолданылады.

28-бап

Дипломатиялық миссиялардың мүшелері және консульдықтардың қызметкерлері

Осы Конвенцияда еш нәрсе де дипломатиялық миссия мүшелеріне немесе консульдық бекеттерге халықаралық құқықтың жалпы нормалармен немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарды қозғамайды.

29-бап

Күшіне енуі

Осы Конвенция бекітілуге жатады және әр Мемлекетте оның күшіне енуі үшін талап ететін, олардың ішкі заңдарында көзделген екі Уағдаласушы Мемлекетте орындағаны айтылған соңғы хабарланған күннен кейін 30-ыншы күні күшіне енеді.

К о н в е н ц и я :

а) Конвенция күшіне енген күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін төленген немесе есептелген сомаларға қатысты көздерден ұсталатын салықтарға қ а т ы с т ы ; ж ә н е

б) Конвенция күшіне енген күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан басталатын немесе одан кейін салық салынатын кезеңге қатысты табысқа салынатын басқа салықтарға қатысты;

с) Конвенция күшіне енген жылдан бастап кез келген жылдың бірінші қаңтарында болған капитал элементтеріне қосып есептелетін капиталға салынатын салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

Әрекетінің тоқтатылуы

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның әрекетін тоқтатпайынша күшінде қалады. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жыл толғаннан кейін кез келген күнтізбелік жылдың соңына дейін алты айға дейін оның әрекетін тоқтату туралы хабарлап, дипломатиялық арналармен Конвенцияның әрекетін тоқтата алады.

Мұндай жағдайда Конвенция өзінің әрекетін тоқтатады.

а) Конвенцияның әрекетін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан немесе одан кейінгі күннен кейін төленген немесе кредитке жатқызылған сомалар бойынша көздерден ұсталатын салықтарға қатысты;

б) Конвенцияның әрекетін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі күннен кейін салық салынған кезеңдер бойынша табысқа салынатын басқа салықтарға қатысты;

с) Конвенцияның әрекетін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарында бар болған капитал элементтеріне есептелетін капиталға салынатын салықтарға қатысты.

Осыны растау үшін өздерінің Үкіметтері тиісті түрде өкілдік берген төменде қол қоюшылар, осы Конвенцияға қол қойды.

Алматыда 1998 жылдың бүгінгі 16 сәуірде екі данада, қазақ, орыс, нидерланд, француз және ағылшын тілдерінде жасалды, мәтіндердің барлығы бірдей күшке ие. Мәтіндердің арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

Б е л ь г и я
Корольдігінің
Үкіметі үшін

Хаттама

Қазақстан Республикасы мен Бельгия Корольдігі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық

төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияға қол қою сәтінде төмендегі қол қоюшылар мынадай ережелер Конвенцияның құрамдас бөлігі болып табылатынына келісімдерін берді.

1 . 2 - б а п қ а :

3-тармақтың б) тармақшасында пайдаланылатын: "алдын ала төлемдер, бұл салықтарға және алдын ала төлемдерге қосымша алымдар, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығына қосымша төлемдер термині:

- жылжымалы мүліктен алынатын табыс салығын (дивидендтерді, проценттерді және роялтилерді) ;

- жылжымайтын мүліктен түсетін, табыстан алынатын табыс салығын;

- кәсіптік қызметтен түсетін табыстан алынатын, табыс салығын;

- жеке тұлғалардан түсетін табыс салығынан және жылжымайтын мүлікке салынатын табыс салығынан алынатын қосымша жергілікті салықтарды білдіреді.

2 . 4 - б а п қ а :

"Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған, қызметкерлерге зейнеткерлік жәрдемақы немесе әлеуметтік төлемдер беру мақсаты үшін ғана жұмыс істейтін, тіпті мұндай мекеме немесе ұйым олар құрылған Мемлекетте салық төлеуден босатылған болса да, кез-келген мекемені немесе ұйымды қамтиды.

3 . 6 ж ә н е 7 - б а п т а р ғ а :

Басқа Уағдаласушы Мемлекетте пайдалы қазбаларды, кен көздерін немесе басқа да табиғи ресурстарды игерумен айналысатын, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны 7-баптың 1-6-тармақтарының ережелері қолданылатын, осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асыратын, осы жұмыстарға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратынын білдіреді. Мұндай кәсіпорын сондай-ақ, егер ол осы басқа Мемлекетте пайдалы қазбаларды, кен көздерін немесе басқа табиғи ресурстарды игеруге құқығы болса, осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы 7-баптың 1-6 тармақтарының ережелері қолданылатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады деп есептеледі.

4 . 7 - б а п қ а :

а) (i) Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы тауарларды немесе бұйымдарды сатса немесе сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда, осы тұрақты мекеменің кірістері кәсіпорын алған жалпы соманың негізінде кірістерді анықтамайды, олар осындай алып-сату немесе аталған қызмет үшін тұрақты мекеменің іс жүзіндегі қызметіне жатқызылатын төлем сомалары негізінде ғана анықталады.

(ii) Келісім шарттардың, атап айтқанда, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды немесе құрылыс жайларын қарау, беру, монтаждау немесе салу

туралы немесе кәсіпорынның тұрақты мекемесі жоқ жердегі қоғамдық жұмыстар бойынша мұндай тұрақты мекемелердің кірістері шарттың жалпы сомасының негізінде анықталмайды; олар шарттың тұрақты мекеме іс жүзінде орындайтын бөлігі негізінде
ғ а н а а н ы қ т а л а д ы .

б) Алайда, аталған сауданың мақсаты тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекетте салық төлеуден жалтару мақсатын көздегені дәлелденген болса, сол немесе сол сияқты тауарларды немесе бұйымдарды тұрақты мекемесі арқылы сатудан алынған кірістер осы тұрақты мекемеге тиесілі деп саналуы мүмкін.

с) Берілген капиталдан айырмашылығы жәрдемақы ретінде төленетін проценттер түріндегі оның бас офисіне немесе кез-келген басқа бөлімшелеріне төленетін сомалар бойынша тұрақты мекемелерден қайтарып алуға банк мекемелеріне рұқсат етіледі. Алайда мұндай қайтарып алу, егер тұрақты мекеме кәсіпорынның бас кеңсесімен немесе кез-келген басқа бөлімшелерімен толықтай тәуелсіз қатынастар негізінде байланыс жасайтын болса бұл қайтарып алу әдеттегі сомалармен шектеледі.

5 . 1 0 - б а п қ а :

а) Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияға басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтер бірінші аталған Мемлекетте егер, компанияға төленетін дивидендтер елу миллион АҚШ долларынан кем емес соманы құрайтын инвестициялардың орнын толтыру ретінде төленген жағдайда, салық төлеуден босатылады.

Салық төлеуден мұндай босатылу елу миллион АҚШ долларын құрайтын инвестиция жасалған жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданылады, бірақ дивиденд төленетін компанияны инвестициялау басталған жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарынан бастап ұзақтығы он жыл кезең біткенше қолданылмайды.

Осы ереже Конвенция күшіне енген жылдан кейін тікелей келетін жылдың 1-қаңтарынан бастап жиырма жыл ішінде ғана қолданылады.

б) Қосарланған салық салуды болдырмау туралы Конвенция Қазақстан мен ЭЫДҰ-ның мүшесі болып табылатын елдің арасында қолданылатын болғандықтан және Конвенцияның 10-бабының 6-тармағында көзделген арнаулы салықты қарастырмайтын болғандықтан Бельгияның резиденті жүзеге асыратын кәсіпорынға бұл арнаулы салық салынбайды.

6 . 1 1 - б а п қ а :

Бельгия жағдайында 3-тармақтың б) тармақшасының ережелерін кепілдік берілген немесе сақтандырылған заемға немесе кепілдік берілген немесе сақтандырылған
н е с и е г е :

- office National du Ducroire (Дюкряуар Ұлттық Басқармасы);
- Association pour la Coordination du Financement a Moyen Terme des Exportations Belges (Бельгия Экспортын Қаржыландыруды Үйлестіру жөніндегі Ассоциация);
- Comite pour la Promotion des Exportations de Biens d'Equipement Belges ("Copromex")

) (Бельгия Жабдықтарын Экспорттауға Көмектесу жөніндегі Комитеті ("Компромекс"))
;

- Institut de Reescompte et de Garantie (Вексельдер мен берілетін Кепілдіктерді Қайта есепке алу Институты) қолданады.

7 . 1 2 - б а п қ а :

а) Егер, Европа Одағының мүшесі болып табылатын үшінші Мемлекетпен осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін Қазақстан қосарланған салық салуды болдырмау туралы кез-келген келісім ниет білдірсе, Қазақстан 2-тармақта көзделген салық салудан босатуға немесе ставканы кемітуге келісім беруге әзір, Уағдаласушы Мемлекеттер келіссөз жүргізе бастайды.

б) Конвенцияның 12-бабының 2-тармағын қолданған кезде техникалық көмек немесе техникалық қызмет көрсету үшін жасалған төлемдердің сомасы өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибе жөніндегі ақпараттар үшін төлемдерге саналмайды, жағдайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелеріне сәйкес салық салуға жатқызылады.

с) Өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдалану немесе пайдалану құқығы үшін роялти төленген жағдайда іс жүзіндегі-пайдаланушысы, егер мұндай табыс роялти пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға тиесілі болса, нетто негізінде салық сомасымен есеп айырысу үшін шешім қабылдай алады.

д) 14 және 7-баптар қызметкерлерге немесе сатып алушының жұмыста пайдалануына арналған бағдарламалық құралдардың ақысын өтеуге немесе бағдарламалық құралдарға байланысты құқықтарды шеттетудің өтеміне жұмсалатын төлемдерге қолданылатынын білдіреді.

е) 12-баптың 3-тармағының ережелері 8-баптың 2-тармағында айтылған жабдықтарға қолданылмайды.

8 . 1 3 - б а п қ а :

Егер осы тармақта айтылған табыстар корпорацияны қайта құру, біріктіру, бөлу немесе осындай басқа шаралар барысында алынса, 2-тармақ қолданылмайды.

9 . 2 5 - б а п қ а :

25-баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері, сондай-ақ 9-бапты қолдану салдарынан орын алуы мүмкін экономикалық қосарланған салық салу жағдайларында қолданылады.

Осыны растау үшін, өздерінің Үкіметтері тиісті түрде өкілетті берген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

Алматыда 1998 жылдың 16 сәуірде қазақ, орыс және голланд, француз, ағылшын тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндердің арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Б е л ь г и я
Корольдігінің

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК